


МЭШҮҮР ЖҮСІП



ИТ ДУНИЕ



**«АМАНАТ» кітапханасының
редакциялық кеңесі**

Роллан Сейсенбаев

Қазақстан

Бас редактор –

Кеңес басшысы

Әбіш Кекілбаев

(Қазақстан)

Анатолий Ким

(Ресей)

Аятолла Хьюбш

(Германия)

Валентин Распутин

(Ресей)

Владимир Берязев

(Ресей)

Имангали Тасмагамбетов

(Қазақстан)

Клара Серікбаева

(Қазақстан)

Кэндзабуро Оэ

(Жапония)

Леон Робель

(Франция)

Мырзатай Жолдасбеков

(Қазақстан)

Мұхтар Құл-Мұхаммет

(Қазақстан)

Олжас Сүлейменов

(Қазақстан)

Пентти Холппа

(Финляндия)

Ричард Мак Кейн

(Ұлыбритания)

Равиль Бухараев

(Ұлыбритания)

Синтара Исихара

(Жапония)

Тимур Зульфикаров

(Тәжікстан)

Шыңғыс Айтматов

(Кыргызстан)

Қазақстан Республикасының
10 жылдығына арналады

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

84/5/каз-ЧПаб/казб
К 59

МӘШҮР ЖҰСІП

ИТ ДҮНИЕ

Тандамалы



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АБАЙ КЛУБЫ
ЖИДЕБАЙ • 2008

ББК 84 Қаз. 7-4
К 69

«AMANAT» ЖУРНАЛЫНЫҢ КИТАПХАНАСЫ

Әлем халықтарының әдебиеті, өнері,
тарихы, фәлсафасы, білімі һәм діні

VII-XXI ФАСЫР ПОЭЗИЯСЫ

Редакция алқасы:

Роллан Сейсенбаев (төраға), Алтынбек Нұх, Әбіш Кекілбаев, Бахытжан Қанағынинов, Баҳриден Каримжанов, Ғалым Мұғанов, Ерлан Арын, Ерқара Аймағанбетов, Есенғазы Иманғалиев, Жексенбек Әділов, Жансейіт Түймебаев, Иманғали Тасмагамбетов, Клара Серікбаева, Крымбек Күшербаев, Медрат Құлжанов, Мұхтар Құл-Мұхаммет, Олжас Сүлейменов, Оралбай Әбдікәрімов.

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінің жоспарына сәйкес шыгарылып отыр

Қосымша оқу құралы ретінде
Қазақстан Республикасының Білім министрлігі ұсынған

Кітаптарды басылымға дайындаған,
көркемдеуші, жалпы жобаның авторы: Роллан Сейсенбаев

Жинақты араб жазуынан аударып, гылыми түсініктер берген: Н.Қ. Жүсінов,
филология гылымдарының докторы, профессор

Құрастыруыш һәм жауапты редактор: Клара Серікбаева

Редакторлар: Әбубекір Қайран, Несілбек Айтұлы

Көркемдеуші редактор: Назар Роллан

Көркемдеуші: Олег Васюренко

Беттеуши: Мақнад Ногайбаева

К 69 Қопейұлы Мәшіұр Жұсіп
Ит дүние. Таңдамалылары
Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 416 бет.

ISBN 9965-611-85-8

Коне араб әрпінен аударылып, түрлі мұрагаттардан жинақталып, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде өзірленіп жарияланған Мәшіұр-Жұсіп Қопейұлы (1858-1931) шығармалары 1-10 томдарынан (Павлодар, ЭКО, 2003-2008 ж.) алынған.

ББК 84 Қаз. 7-4

ISBN 9965-611-85-8

Орталық қазақстан Республикасының
кітапханалар жүйесі
Екібастұз қ.

© МӘШІҰР ЖҰСІП ҚӨПЕЙҰЛЫ. 2008.
© ХАЛЫҚАРАДАЛЫҚ АБАЙ КЛУБЫ. 2008.

10 109585 43445



Өмірді қымбатқа алеан — арзан саттық.
Жастықтың қадірін білмей босқа жаттық.
Күнөні — арзан, сауапты қымбатсынып.
Обала белшеміден күнде баттық.

МӘШҮР ЖҰСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ
150
ЖЫЛДЫҚ
МЕРЕЙТОЙЫНА
АРНАЙЫ ТАРТУ

КІТАП — ЕҢ САБЫРЛЫ ҮСТАЗ

Адамзат баласының алдында үш айғақты зор міндег тұр: бірі — бейбітшілікті, екіншісі — рұханиятты, үшіншісі — табиғатты қорғау һәм сақтап қалу. Бұлардың қай-қайсысы да біздің тіршілігіміздің басты бағдары. Бір-бірін толықтыратын үғымдар. Осы үш бастауга Қазақстанның гана емес, бүкіл әлемнің болашагы байлаулы.

Бола ма, жоқ па деген Адамзат тіршілігіне бағытталған Гамлет күмәні: егер біз оған мән беріп, құлақ аспасақ, адамзат алдында мәңгі шешілмес сұрақ болып қалатыны сөзсіз. Техникалық даму әлемде қулашын кеңге жайды, осыған орай адам да табиғатты құл қылуға барын салуда. Ұлы бабаларымыз қолдан соққан әлемдік мәдениет пен ойдың көзсіз мұхитын мемгеруде біздер олқы түсіп жатырмыз. Өкінішке орай, әлем халықтары бастарына тонген қатерді аңгаруда мешеулік танытуда. Интеллектуалдық және идеологиялық көзсіздік қоғамда болып жатқан ақиқаттан алыстатып, адамды апат жолына — моральдық, адамгершілік, рухани дагдарысқа белшесінен батырды.

Үшінші мыңжылдың біздің ортақ үйіміз — Жер—бесігімізде төтенше өзгертулер енгізуі талап етеді.

Өзінің биік, таза, рухани қасиетімен Кітап — мәдениет пен руханиятты қорғауда теңдесі жоқ қару болып табылады.

Кітап — адамзат баласына агаρту һәм білім сыйлай береді.

Кітап беттерінде адамзат тіршілігінің сан қылы құпия сырлары сақталған.

Кітап — уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі.

Адамзат кітапқа өзінің қасиетті сезімі мен жан жылжудың сеніп тапсырған. Кітап біздің алға жылжуымызда, катаклизмдардан арылуымызда, адамгершіліктің биік шыңына кетерілуде өлшеусіз ақыл қосады.

Кітап — ең сабырлы ұстаз.

Тек кітап қана қайырымдылық пен айуандықтың, ақиқат пен жалғаның ара жігін айнаңтай танып білуге үйретеді.

Мен Абай клубының адамгершілік әрекетін қолдаймын. Қазақтың көрнекті жазушысы Роллан Сейсенбаевтың «AMANAT» журналы мен 200 томдық Кітапхана шығарудагы ұлагатты бастамасына шын жүргегіммен қуанатынымды білдіргім келеді. Отанымыздың рухы мен мәдениеті үшін барын салған жазушыны Қазақстаниң ұлтжанды, нағыз патриоттары қолдайтынына сенімім зор.

Жаңа басылымға ойшыл да, рахымды оқырман тілеймін.
«AMANAT» журналының 200 томдық Кітапханасы — Әлем халықтары әдебиетінің, өнерінің, тарихының, философиясының алғашқы томдары — дүниеге келуі тілге тиек етер, шын қуанар, үміт артар үлкен әлеуметтік құбылыс.

Кітапты аялайық, құрметтейік, кітапқа адал болайық!

Нұрсұлтан Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті

14 наурыз, 2001 жыл Астана



СӨЗ БАСЫ

Мәшіүр Жүсіп Көпейұлы бабамыз, көзі тірісінде өз бағасын ала алмай кеткен ақын ақын, ғұлама, дінтанушы, киелі қазақтың бірі еді.

Әр үлкен ақынның, ойшыл адамның соңында аныз жүреді, соナン да Сарыарқының сөз салмагын пайымдар есті адамдары Мәшекенде шын ықылас-пейілмен, адамгерлік ақыл-қасиетімен құрмет тұтқан. Қазақтың қалың елін аралап шыққанда, қашанды қонақ сыйлау гадеті қанына сіңген көшпелі халықтың төрі ақынды асыға тосатын болған.

Осындай үлкен отырыстарда ақын өзінің жазған олеңдерін қазақ елін Ресей отарлауы кезеңінде нағызын таптатпай, рухын кокке көтеріп жүргізу туралы терең ойларын сарқып айтқан. Дағаны еркін кезген патша тыңшыларынан, орыстан қаймыққан қазақ байларының алакөздігінен сескенбеген, қорықпаган.

Бұлқынған нағызышыл жүрек ойындағысын қысылып-қымтырылмай айтып тастайтын.

Дін оқуын бітірген, Құранды жатқа білетін Мәшекен сол жиындарда қарапайым халыққа Құран сөзі мен Мұхаммед Пайғамбардың хадистерін кең насихаттаған, елге түсіндіріп отырган.

Обал не? Саяап не? Борыш не? Адамгершілік не?..

Осындай қадау-қадау сұрақтарға түсінік берген. Халқын мейірбандық пен кешірімділікке, ақиқат пен адалдыққа шақырудан еш талмаган.

Сонымен бірге ел арасында еркін жүріп, халықтың ауыз әдебиеті ұлғайларын жинаған, сол мол мұраны үрпакқа жеткізуіді ойлаган, өмірін халқын ағартуға жұмсаған, артына баға жетпес мол мұра қалдырган қазақтың көшпелі цивилизациясының танымал перзенті.

Араб пен парсы тілдерін жетік білген. Сонан да Шығыстың ұлы ақындарының көүсір жырларынан мол сусындаған, араб, парсы тілдері арқылы әлем әдебиеті мен ойының жүйесін еркін меңгерген.

Көрінеке дана бабамыз қазақ халқының алдағы өміріне көз тікті, соның қамын ойлады, қазақтың бірлікке, ұлттық кемелдікке шақырудан талмаган ойшыл болды.

Халықтың қайнаган ортасынан жинаған мол мұраны мұқият зерттең, бір жүйеге түсіруге талпынды.

Сол ұшан-теңіз мұра Қазақстан Республикасы Ұлттық Фылым Академиясы орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы жатыр.

Сол баға жетпес мұраны бүгінгі күні сақтап қалу үшін, Керекудің ғалымдары қолга аулары керек. Бабадан қалған мұраны жеке-жеке кітап қылыш шығарып, CD дискіне түсіріп қазақ халқының рухани азығына айналдыру қажет. Осы істі аяғына дейін жеткізу керекуlectерге серт болсын.

Халқымыздың рухани қазынасын бағалау, оны қору — өзімізге міндеп.

Қазақ халқының тәуелсіздігі мен еркіндігі үшін басын бәйгеге тігіш жағған өлеңдері неге тұрады? Патша әкімшілігінің қырына ілігін, сонына шам алып түскен із сүзушілер ақынның әр сөзін елкен откізіп отырды.

Бүгінгі күні де Мәшіһұр Жүсіп Қөпейұлының еңбектерін қалың қазақтың ортасына терең сіндіре алмай келеміз.

Патша әкімшілігінен жасырынып ел ортасында тығылыш күн кешкен ақын, елден кетіп, Бұхара мен Ташкенге Самарқан мен Түркістанга жол тартады. Құтын-сүргінде күн кешсе де халық аманаты жүргегінде екенін еш ұмытпайды.

Дала цивилизациясының соңғы тұқытары өз миссияларын жетік және жақсы түсінген. Сонан да олар қанжардың жүзінде жүрсе де, тайсалмай, жанын тәуекелге байлап беріп қойған.

Мәшіһұр Жүсіп бабамыздың еңбектерін жіті қадағалап, мұқият зерттеу тек XX гасырдың тоқсанынши жылдарында гана қолға алынды. Расын айтсақ, тәуелсіз Қазақстан өз ғұламаларының олшеусіз еңбектерін алаңсыз ақтаруга мүмкіндік алды.

Әлемге танымал Халықаралық Абай клубы шығарып жатқан қазақтың ұлы ақындарының XII-XXI гасыр поэзия сериясында Мәшіһұр Жүсіп Қөпейұлы бабамыздың таңдамалы жырлары жинағының дүниеге келуі біз үшін ұлкен қуаныш.

Ұлы ақынның 150-жылдық тойына қазақтың көрнекті жазушысы Роллан Сейсенбаев, бабамыздың кітабын оте әдемі, полиграфиялық нышанмен, үлкен сүйіспеншілікпен жарыққа әкеліп, халыққа ұсынған екен. Қазақтың ұлы ақындары Махамбет, Абай, Шаһкөрім кітаптары осы айтулы серияда шығып, оқырман алғысина ие болды.

Осы қатарға Мәшіүр Жұсіп бабамыз да қосылды. Ендігі кезек, Сұлтанмахмұт Торайғыров еншісіне тисе деген тілегіміз бар.

Абзал бабамыздың ардақты да айбарлы, ойшыл жырлары ортамызға келіп жетті.

Қадырлеп, қасиеттеп қарсы алайық, ағайын!

Кайрат Нұрпейісов
Павлодар облысының әкімі

20 тамыз 2008 жыл



ДАНА БАБА

«Атымды «Мәшіңр» деген ци жүз білді,
Дүниеде мұнан артық не табасын?!

Қасиетті де киелі Баянауыл жерінен тұлған ұшып, есімі дүйім жүртқа танылған, 1808 жылы дүниеге келген, 150 жылдық мерей тойы был аталғалы отырған, қазақтың біртуар тұлғаларының бірі, ғұлама, әулие Мәшіңр Жұсіп Көпейұлы. Жоғарыда келтірілген өлең жолдарында өзі де айтып откендей, Мәшекен — козі тірісінде-ақ алты алашқа әйгілі болып, ел-жүрттың айрықша ықылас-құрметіне бөлөнген, әр қазақтың төрінен орын алған киелі адам.

Тәуелсіздік алғалы бері ардақты әрі қастерлі тұлғаның өмірі мен шығармашылығы туралы көптеген гылыми-зерттеу еңбектері, мақалалары жарияланды. Тарихи тұлғаның мол мұрасы әлі де тың зерттеулерді, гылыми тұргыдағы жаңаша ізденістерді, жүйелі сараптамалар мен әдеби-тарихи дәлелдемелерді қажет етіп отыр. Бұғанде осы бағытта, яғни «Мәшіңртану» саласында еліміздің бірқатар ғалымдары тыңғылдықты зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Уақыт откен сайын «Мәшіңртану» бағытына тыңан қосылып жатқан жас ғалымдардың қатары да артып отыр. Мұның бәрі қасиетті жанның сонында қалдырған мұраларының молдығымен, мазмұнымен, өзінен бұрынғы, өзі өмір кешкен және болашақтагы дәуірді ерекше тұргыда сипаттауымен ерекшеленіп, түсіндіріледі.

Мәшіңр Жұсіп Көпейұлы — заманынан озып туган дара тұлға, көрикті ақын, шежіреші, қазақтың халық ауыз әдебиеті үлгілерін жалықтай жинап, олардың бәрін үрпастан үрпаққа шашпай-төкпей жеткізуі, агарту саласының белді өкілі, сонына қазыналы мол мұра

қалдырган Алаштың біртуар перзенті. Ол өз халқының тарихы мен мәдениетін, ұлттың рухани құндылықтарын, этнографиясы мен поэзиясын мейлінше жетік білген. Араб, парсы тілдерін меңгерген. Өзінің саналы гүмірын агарту саласына ариап, ізгілікті, адамгершілікті, парасат пен терең пайымды насиҳаттап, дәрітеп отіп, тер төгіп еубектену нәтижесінде өз заманының озық үлгідегі, мол рухани қазынасың қалдырды.

Ол ақындығымен қоса, ел мен жердің тарихын, этнографиясын тереңнен білді.

Сол тұста өмір сүрген дала даналары бір-біріне демеу, сүйеу болып, қадірлесіп, сыйласып отырган. Мысалы, Баян өңіріне ғана емес, күллі елімізге аты мәлім, халыққа қамқор, үрпаққа жаиашыр, елге қорған болған Мұса Шорманұлы, Мәшіһүр Жұсіп Көпейұлының қабілет-қарымын жастайынан жазбай танып, оны жогары бағалаған, келешегінен мол үміт күткен. Дағынды жас балага Мұса мырзаның өзі «Мәшіһүр» деген атауды қосақтаганы тамыры терең тарихтан белгілі. Бұл туралы:

«Бес жаста «Бісміллә» айтып жаздым ҳатты,

Бұл дүние жастай маған тиді қатты.

Сегізден тогызға аяқ басқан кезде,

Мұса еді қосақтаган «Мәшіһүр» атты», — деп Мәшекеңнің өзі де ерекше атап көрсетеді.

Мәшіһүр Жұсіп осе келе Мұса мырзаның ғана емес, тұстастай қазақ халқының үмітін ақтай білді. Ерте жастаң білім қуып, алыстарға көз тікті. Ел ішіндегі түрлі жағдайларға құлақ түріп, халықтың қамы үшін қолға алынған талай бастамалардың үйкесін болды. Қазақ халқының болашағын болжап, алдағы қүннің қамын, елінің жайлы тұрмысы мен жарқын өмірін сөзге қосты, халықты бір мақсатқа үндеді, алға қараң үмтүлуга жігерлендірді, ұлт ретінде үйисуга шақырды.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Мәшіһүр Жұсіп Көпейұлы қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетін іздестіріп зерттейтін үйимдар мен қоғамдардың жұмысына белсенді араласты. Өзінің халықтан жинаған мол мұрасын реттеп, жүйеге түсірумен айналысқан. Жоғарыда айтып оттік, сол мұралар бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Ұлттық Фылым Академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында іріктеліп, сұрыпталған күйде сақтаулы жатыр. Ақынның осы том-том жазбаларының біразы өзі қайтыс болған соң жарияланды. Тарихи деректерге көз жіберсек, 1907 жылы Мәшіһүр Жұсіп Көпейұлының «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты үш бірдей жинағы жарыққа шығады. Бұл кітаптарды оқыған

адам Мәшекеңнің бүкіл елдің ішкі хал-жағдайымен етене таныс екендігіне көз жеткізеді. Тарихи мол мағлұматтарға қанығады. Өткен белестеріміздің бейнесін бүгінгі ұрпақтарымыз осы еңбектер арқылы көз алдына елестетіп, көкейлеріне түйе алатыны сезсіз.

Мәшекеңнің ел ішінде болып жатқан әртүрлі мәселелерге 1905 жылғы төңкеріске, патшаның отарлау саясатына қарсы өз ой-пікірлерін де олеңдерінде іркіп қалмаған. Қазақ халқының еркіндігі мен бостандығы, азаттығы, тәуелсіздігі – ақын шығармашылығындағы озекті арқаулардың бірі. Мәшекеңнің қарсылық пікірлері сол кездегі патша әкімшілігінің де назарынан тыс қалмаған. Ақынның кітаптары заң қырына ілігін, таралуына тыйым салынған. Есімі бүкіл елге тараган Мәшіһұр Жұсіп Көпейұлы бертінге дейін дұрыс насиҳатталмай келді.

Жоғарыда аталған үш кітапты шығарған Құсайыновтар баспасына да айып салынып, Мәшекең қамалушылар тізіміне тіркеледі. Ақын осы жағдайларға байланысты ел ішінде жасырынып, тасаланып жүргуте мәжбүр болған. Тіпті, туган елінен жырақ шығып, Ташкент, Бұхара жаққа да кетіп қалады.

Кеңес өкіметі кезінде Мәшіһұр Жұсіп Көпейұлы шығармалары әртүрлі оқу құралдары мен жинақтарға кіргені болмаса, жеке кітап болып жарыққа шықпаган. Осының озінен құғын-сүргіннің салқынын айқын аңғаруға болады. Әйтпесе, Мәшекеңнің соңында баға жетпес мол еңбектер қалдырығанын ғалымдар жақсы білді, зерттеуге ынтық болды. Алайда, тек 1990 жылдардан бастап қана жан-жақты, терен зерттеуге мүмкіндік туды. Оның мол мұрасын зерттеуге білікті ғалымдардан бастап жоғары оқу орындарының студенттері мен мектеп оқушылары да ерекше ықылас, қызығушылық танытып отыр. Ол кісіге жыл сайын дәстүрлі түрде облыс, республика қолемінде, халықаралық деңгейде откізіліп жүрген түрлі конференциялар, семинарлар, әдеби-мәдени шаралар, арнайы оқулар күә бола алады.

Мәшекең 1897-1890 жылдары Орта Азияның Ташкент, Самарқанд, Бұхара, Түркістан қалаларына сапар шегіп, халықтың тиңис-тіршілігіне, мәдениеті мен этнографиясына, рухани мұралырына көзіл аударып, теренденен дең қойды. Әйгілі ғалым В.Радловпен танысып, қазақтың халық ауыз әдебиеті ұлтілерін жинап, оларды жүйелеп бастыру ісімен шұғылданады. Оның әрбір шығармасынан халық тенденсі, бостандығы, бұқараны сауаттандыру, еңбек пен өнер-білімге шақыру сарындары анық сезіледі.

Еліміз тәуелсіздігін қолға алып, өшкеніміз жанып, олгеніміз тіріліп жатқан кейінгі тұста қазақтың көптеген зиялышарының ардақты есімдері, артында қалдырыған мол мұралары ұрпақтарымен

қайта қауышып, жаңғыра түсті. Солардың арасында Мәшекенің шоқтығы биік болып жарқырап көрінеді.

Ертістің Павлодар өзірі мен құллі республика аумағында Мәшекенің мұраларын насихаттауга байланысты іс-шаралар қолға алынған. Қасиетті тұлғаның есімін мәңгілікке есте қалдыру мақсатында да бірқатар шаралар үйимдастырылды. Мысалы, Павлодар облысының орталығындағы зәулім мешіт Мәшіһүр Жұсіп Көпейұлының есімімен аталады. Баянаула Ескелдісінде зәулім кесене тұргызылып, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеттің алдында ескерткіш орнатылды. Бұл бағыттагы шаралар алдағы уақытта әлі де жалғасын тауып, асыл бабаның ардақты да қайталанбас дара тұлғасы жұлдыздар әлемінде жарқырай берері даусыз.

Халқының алғысын арқалап, сол халқына демеу болған, тірек, қорған болып, жатпай-тұрмай елінің иғлігі қайтсе еселенеді деген сауалдарға алаңдаған Мәшекен шын мәнісіндегі әулие әрі қасиетті адам ретінде жогары бағасын алды, сондай-ақ мұрасы мен қазынасы санғасырларға үнелтетін қайталанбас біртуар адам ретінде бағаланады.

Алдағы уақытта ардақты тұлғаның есімі Павлодар қаласының бір орталық қошесіне беріледі деген халықтың үміті зор. Мұның өзі қасиетті бабаны ұлықтаудың, құрметтеудің айрықша бір ұлғисі, ұрпақтардың парызы болар еді.

Мәшекен жайлы қадау-қадау деректер келтіріп, ауқымды әңгіме қозғауга болатыны сөзсіз. Оның тұлғасын аз сөзben айтып шыгу мүмкін емес. Ол — қазақ мәдениетінің көгінде жарқырап көрінген алып та айдарлы жұлдыз, арқалы да ұлттың айбарына айналған ардақты тұлға.

150 жылдық тойы атанар алдында Мәшіһүр Жұсіп Көпейұлының қазыналы мұрасының бір бөлшегін осы таңдамалы жинаққа топтастырыдық. Бұл кітап барша қазақ баласын бей-жай қалдырmas деген үміттеміз. Мәшекенің саф алтындаі әр сөзі — біздің, яғни қазақ ұлтының өткен тарихы мен бүтінгі болмысын айқын бедерлейді, әр жанды өрелі ұлты үшін маңтанишқа болеп, қоңылді марқайтады. Мәшекенің өзі айтпақшы: «Біздің ісімізге тек Алла разы болсын!» дейміз.

Алтынбек Нухұлы,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық
институтының ректоры, х.з.д., профессор

ИТ ДҮНИЕ

109585 | 4345

Орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі
Екібастұз Қ-

ӨЛЕҢДЕР

*Калырым жоқ күнде көрген агайынға,
Атайын сатып, алтын алайын ба?
Бейігеге бабым тауып қосар жан жоқ,
Лагып айдалаға шабайын ба?!*



ҚОЛЫМА ҚАҒАЗ, ҚАЛАМ АЛАЙЫН Да

Қолыма қағаз, қалам алайын да,
Лапылдаш тал отындай жанайын да.
Естіген, көргенімді әңгіме гып,
Дүниенің базарына салайын да.

Бұлбұл құс гүлстанда гүлге гашық,
Көбелек, сірә, жүрмес оттан қашық.
Көлеңке денесінен қайда кетсін,
Өлең-жыр бізге сондай болған машиқ.

Ойласаң, бұжалғанинан кетпеймісің,
Мезілсіз, келсе мейман, күтпеймісің.
Хан-қара, бай-жарлының бәрі де откен,
Жалғанинан сен де бір күн отпеймісің?!

Әркім-ақ өліп жатыр боқ басында,
Біткен соң санаулы дем, тоқтасын ба?
Бұл тойға бұрын барып, орын алмай,
Отырып қаласың ба от басында?!

Шабыт қыл қыран құстай шарыққа ұшып,
Шақырысын саятшылар жемін тосып.
—Біреуі көп қарақұс болып жүрме,
Көрінсе қайда жемтік, соган түсіп.

Бұл жалған қанша қусаң, ақыр — өлім,
Аларсың бір сыбага онан тыйым.

Дүниеде өзің өлсөң, сөзің қалсын,
Сөйлеп қал осында, қызыл тілім!

Туган күн ертеңменен кешке батар,
Саудырап он саусагың көрде жатар.
Бұл дүние тынымы жоқ ескен желдей,
Қаңбақтай бір күн еріксіз домалатар.

Кетесің бұжгалғаннан еріксіз өзің,
Құйылған құмга толар екі көзің.
Жылқыдай жау айдаған кетсең жытып,
Қазылған жолдай болып қалсын ізің.

Сүм жалған, қызығына жүрмін тоймай,
Мінезді жастықтагы әлі қоймай.
Ап кетсе абайсызды ажал бір күн,
Жүргенде біз далақтан күліп-ойнай.

Боламын кейде жүйрік, кейде жорға,
Бұл дүние көп қутанмен түспес қолга.
Байланып арқан жіпсіз аяқ пен қол,
Кете алмай жүргенім ғой ұзақ жолға.

Басыма қыла алмадым пайдалы істі,
Жұмыс пен ылғи залал өмірім кешті.
Пенденің ойлағаны болған бар ма,
Алланың, әр не қылса, өмірі күшті.

Дүние-ай, талмай қуыш жете алмадым,
Нәпсімен болды даулы, біте алмадым.
Мойыныма үзілмейтін арқан түсті,
Қайрат қыш, үзіп тастап кете алмадым.

Табылды өз бойынан екі дүшпан,
Біреуі іштен болғанда, бірі — тыстан.
Есте жоқ алтын, күміс тілін білген:
Қорытып айырып алар бізді мыстан.

Салымыз болған біздің лай балшықтан,
Бар қылыш жаратқан Ҳақ бізді жоқтан.
Біз жүрміз тазаланып, арыла алмай,
Нажасат үстімізге жүккән боқтан.

Қалыпқа, ұста қойса, кірпіш болдық,
Қаланып қой қорага тас боп тұрдық.
Ең іске жарағанда болдық қора,
Мұнымен бү жалғанда қалайша оңдық?!

Лай болып, басылмадық қырық күн ұдай,
Сылдырлап шығар едік ақ шыныдай.
Базарда қымбат пұлға өтер едік,
Қайтейік жазбаган соң патша құдай?!

Кен болып, бола алмадық мыстың тасы,
Хайуанның болып жүрміз бергі қасы.
Мыстан — күміс, күмістен алтын айырып,
Табылса, алар еді-ау ол ұстасы!

Тұспес ек, алтын болсақ, қолдан-қолға,
Керек қып алар еді әркім пұлға.
Дәнемеге жарамай қалғаннан соң,
Қосып, шатып жүрміз гой тұзды сорға.

Темір болсақ, дүкенге тұспес пе едік,
Көркейіп бұрынғыдай өспес пе едік?!
Пышақ, балта, қанжардың бірі болып,
Болаттай кез келгенде кеспес пе едік?!

Болмадық тым болмаса қара темір,
Ерітіп ағызбай ма қызған көмір?!

Қолында көрінгениң қайрақ болып,
Таусылып қоршылықпен өттің өмір.

Біз жүрміз үкі құстай, күзетіп боқ,
Алады кім көрінген бір-бір тал шоқ.
Қызығып жүнімізге қылады әуес,
Ол жүннің өзімізге пайдасы жоқ.

Көреміз үйтіп-бүйтіп күнімізді,
Шығармай жұрт естір деп үнімізді.
Күндіз ұшып жүруден бой сағтадық,
Алган соң әркім жұлып жүнімізді.

Сықылды менің сөзім қызыл тұлқі,
Қызықты тұлқіден де ажар көркі.
Үстіңен — құс, астыңнан ит жүгіртіп,
Тамаша көрген жандар қылар құлқі.

Пайда жоқ бір тиындей басымызға,
Сауықсан, қарға ұмелең қасымызға.
Жұзінде жалған дүние түк бітірмей,
Өткіздік өткен өмір — жасымызға.

Жалғанин қыла алмадық біздер пайда,
Ойлаган жаниның қамын сабаз қайда?
Түні өтіп, бұжалғаниның таңы атқан соң,
Белгісіз боларымыз қандай жайда?!

Бұдүние — айсыз бұлт, қараңғы түн,
Жалған сөз — ер жігіттің бойына мін!
Жалғанга жетемін деп қуа берсең,
Таң атып, жарық сәуле, шықпайды күн!

Жаяудың қанша жүрсе, шықпас шаңы,
Асырауга көнбес мал боп түздің аңы.
Көрерсің өз бойыңды өзің сонда,
Жарқ етіп ақыреттің атса таңы.

Біраз күн бұжалғанга алданарсың,
Дүниені өтпес біліп малданарсың.
Күн болса құдай алдын бір көретін,
Біле алмай қайтерінді сандаларсың.

Қыл копір қияметтің қылдан тайғақ,
Перште төрт мұқарраб барад айдан,
Қол-аяқ күе болып қылмысыңа,
Шыгады өз денеңден сегіз айғақ.

Жүргейсің бір құдайды ойыңа алыш,
Алдына мөлинерсің еріксіз барып.
Жан беріп мұндағыдай жалған сойлен,
Шараң жоқ құтылатын онан таныш.

Өлген соң тірілу жоқ, әркім білер,
Дүниеде не қылғанын сонда көрер.
Құдайым фазылына алыш оңдамаса,
Қылық жоқ бізде орынды жонге келер.

Сарғайдық, көп ойласақ, санаменен,
Күйдірмес бізді өтірік жаламенен.
«Тар жол, тайғақ жерлерге» қыстырылмай,
Жүреік жазы жапан даламенен.

Алланың қаһарынан рахматы көп,
Күн бүрүн таусылмайық біз уайым жеп.
Жалғанды қызықпенен откізейік,
Құрайық әрбір түрлі әңгіме кеп.

Біз үшін жаратыпты бұжалғанды,
Демейді онша жақсы құр қалғанды.
Жаратқан пендесіне тәсірім қорган,
Қылып от, бозбалалар, ойга алғанды.

Шэйт қыл, қыран құстай аспанга ұшып,
Жалғанды басып, жашып, судай кешіп.
Мылтық ат, тазы жүгірт, қаршыға сал,
Жүйрік пен, келсе шамаң, сұлу құшып.

Кетпендер ішке сақтап арманыңды,
Істеп от жалғанда ойга алғаныңды.
Өлген соң, болсаң қаша, кім біледі,
Басында қай төбенің қалғаныңды?!

Бозбала, тірлікте ойнап-құлсін,
Көзге түс, әр іс қылып, халқың көрсін.
Ат шығар әр нәрсенің басын шатып,
Аузыңда дос-дүшпаниң атың жүрсін.

Дүниенің базарында арзан нарқым,
Болса да нарқым арзан, қымбат — даңқым!
Қадірім жоқ тірлікте ағайынга
Өлген соң: «Атың иендей» — дерсің халқым!

Қадірім жоқ күнде көрген ағайынға,
Ағайын сатып, алтын алайын ба?
Бәйгеге бабым тауып қосар жан жоқ,
Лагып айдалага шабайын ба?!

Қадірден қалдың ашына, танысымнан,
Жасымнан шықкан жұртқа дабысымнан,
Тұғыры айырбастың сықылданым,
Айырылып жас шақтағы шабысымнан.

Тұрады топты көрсем, бүйірім қызып,
Делебем айтай шықса, кетер қозып.
Алдыма ұзап, түсіп бәйге алған жоқ,
Бір басты, екі аяқты менен озып.

Бозбала, жүрген жерім күнде жиын,
Тауыстым ойлай-ойлай бастың миын.
Қатыннан енді мендей ұл туганмен,
Шығуы Мәшіһүр болып болар қиын.

Біздерге бұл өнерді берген құдай,
Бола алмас кейінгі жан бұрынғыдай.
Сегіз қыыр шар тарап түгел келіп,
Әркімге Мәшіһүр болу болмас оңай.

Жұрт айттар: «Біздерге ондай болу қайда
Әңгіме болып жүрген әрбір жайда?!
Қоңыраудай құр сылдырлап, іште дән жоқ,
Жерім жоқ Мәшіһүрлікten көрген пайда!»

Сыртым сау, өртенемін ішім күйіп,
Жасынан еркелеткен халқым сүйіп.
Зааралы адамзатқа тікендеймін,
Соқтығып көрінгенге сөзben тиіп.

Болмадым колеңкелі, миуалы агаш,
Сүйсінген дабысыма тамам алаш.
Барады басым жерге иілместен,
Сықылды қаттылығы емен агаш.

Агашы бола алмадым өрік, мейіз,
Бал мен қант ләззатындаі сөйлемдім сөз.
Жарқырап топтан озып бәйге алғанмен,
Агалар, шықпайды екен екі мүйіз.

Бұлбұлдай заманымда жүрдім сайрап,
Барады өнер, шіркін, іште қайнап.
Дүниеде қанша дәурен сүргенменен,
Жатармыз бір төбенің басын жайлап.

Қызыл гүл, не пайдаң бар толғаныңмен,
Күз болса, жұмысың жоқ солғаныңмен.
Мәшіһүрі ақыреттің бола алмасаң,
Не пайда бұл жалғанда болғаныңмен.

Алашақа болған таныс жазған хатым,
— Үргыным Сүйіндік пен қазақ — затым,
Болмаса ақыретте бір пайдасы,
Құрысын елден бұрын Мәшіһүр атым.

Білмедім мен залалын ол басынан,
Сойледім әрбір сездің жобасынан.
Көпке ортақ қызыл тілді аямадым,
Үміт қып дін қарындас дүгасынан.

Сөз білген соң сойлемей қалу айып,
Қорқамын кете ме деп аяқ тайып.
Белгісіз не боларым мұнан былай,
Тілеймін көптен дұға қолым жайып.

Не болар мұнан былай бұл кәріп бас,
Әркімге бола бермес екі елу жас.
«Халықтың тілі, құдайдың қаламы!» — деп,
Қылыштар жақсы лепес, дін-қарындас.

Елек қойып болмайды ел аузына,
Өлецім, бірте-бірте кел аузыма.
Иншалла, жұрсем аман, болман жаман,
Ілінсем жақсылықпен ел аузына.

Әрқашан үмітім бар жақсылықтан,
Жас едім, қариялардан кеңес үққан.
Аузыма қызырып бабам сөз салған соң,
Сөз қылып жаза бердім бардан-жоқтан.

Өнерім, сөз сөйлесем, судай тасқан,
Сөзім бар тасқандардың көңілін басқан.
Мұбәрак газизлардың көрдім жүзін,
Жерінен жүрген-тұрган шайтан қашқан.

Әркімнің, айтқан сөзім, көңілін ашқан,
Кітапқа жанасалап жақындасқан.
Аяғым, кете көрме жаман жолға,
Қыдырыдың қыдырығанда ізін басқан.

Сөзімде, кешіріңдер, болса хата (қате),
Біздерге дарып кеткен өлеңші ата.
Болсам да мұнан былай өлі-тірі,
Үмітім — баршаңыздан жақсы бата!

Қылсам деп үмітім жоқ дүние пайда,
Біздерге откен дәурен енді қайда?!

Қылсын, — деп құдай рахмет отіңіздер,
Белгілі жұрт білетін қалсам жайда.

Жүргенмен не бітірдім тірі болып,
Көңілдің тазармаган кірі болып.
Коршылық мұнан артық болсын қандай,
Қалған соң көп моланың бірі болып.

Сайраған көңіл ашып қызыл тілім,
Көтерген еркелігім қайран елім!
Қыламын бұз жалғанда нені арман,
Тіріден болса артық өлгей күнім?!

Түзелсе әуреліктен ақыр соңым,
Бұз күнде бірдей бол жүр бары-жоғым.
Болам деп мұнан былай әлдеқандай,
Қанша айтып жатқанымның бәрі — өз мұңым!

Оянбас сүм жүргегім ұйықтап жатқан,
Күнәга мұңлық басым күнде батқан.
Өткіздім ұзын түнді үйқыменен,
Малдай бол бауыздалмай арам қатқан.

Құдайға жыламадым ерте тұрып,
Қақпалап, мініп лагын, мойынга ұрып.
Пайдасыз лагу сөзбен күн откіздік,
Беталды үрген иттей түзді қорып.

Аллаға біз қылмадық жағар істі,
Қап-қара күйеден де қылдық ішті.
Он бес пен жиырма бес ол — денсаулық,
Бадырайып жас жеткен соң көзге тұсті.

Өткіздік екеуін де қадірін білмей,
Енді жұрт кімге құлсін, бізге құлмей!
Бәрі де туган жаниның өліп жатыр,
Тұрсын ба енді нәубет бізге келмей?!

Білеміз өлуді анық, жабдығы жоқ,
«Әлі көп жасаймыз!» — деп, көңіліміз тоқ.
Қоңыздай кетсек бір күн домалаңып,
Бейнетпен, қалар тегіс, жиылған боқ.

Құдай-ау, алдандырдың бізді жоққа,
Мұниша құмар қып қойдың дүние бокқа.
Есі енбеген баладай ұмтыламыз
Жан үзіп жанып тұрган қызыл шоққа.

Откіздік ойынменен балалықты,
«Мұртқа өкпелеп жүргенде сақал» шықты.
Бір дүшпан иегімің қақ астында,
Соңымнан қайда барсам қалмас тіпті!

Адамға үлкен дүшпан – жұтқын тамақ,
Үлкен жау, ұйықтамасаң, болар қабақ.
Тығынын бір тесіктің толтырам деп,
Күнәны үсті–үстіне жүрміз жамап.

Адамға күнә қайдан?
– Көз бен тілден!
Қандырып әуре болдық ізден елден.
Көрген көз, сойлеген сөз – бәрі күнә,
Іздеуге қажет емес бөтен жерден.

Қайтпадық тәубе қылып жасымыздан,
Ақымақтық талай кешті басымыздан.
Бір жақта күнә деген жүр гой десек,
Табылды өзіміздің қасымыздан.

Құлуші ек бала күнде сақалы аққа,
Аяңдал біз де келдік өлер шаққа.
Баяғы бала күнгі ойда жүрміз,
Жіберіп көнілімізді әр тараңқа.

Жас жетіп ер ортасы болдым өзім,
Тәубені, отіп кетті, қылар кезім.
Бала-шага, көр-жермен айтысамын,
Астына иегімің түспей көзім.

Жас күнім отіп кетті ақ алмастай,
Күн болды іздесек те, таба алмастай.
Кеткен жас, ағарған шаш, есепке алмай,
Ойнаймыз жастарменен замандастай.

Мінезді бозбалалық қайта бастап,
Былгадық адамдықты мүниша ластап.
Әмір, Магрұб орнына осек айтып,
Әр жерге төрт-бес ауыз өлең тастап.

Құдай сөзі – құранды қойдық жауып,
Келін-кепшік, көр-жерге көніл ауып.

Азан үшін шайтанның жаратылған,
Бір итті өлең деген алдың тауып.

Дүниеден озамыз деп, көп жарыстық,
Жетпесті мұнша қуып арпалыстық.
Шақыртып әр жерде азан шайтан үшін
Біздағы пособлять қып ат салыстық.

Жері жоқ бізден жастық мінез қалған,
Жетеді іздегенге шын ойга алған.
Жүгіртіп көз соңынан көңілімізді,
Біз жүрміз көрмей дамыл, қуып жалған.

Шындыққа баса алмаймыз жұма алмай коз,
Тоқтармыз болған күні көлігім — боз.
Алсын деп бізден гибрат естіген жан,
Жатырмын сөйлем жүртқа әр түрлі сез.

Әңгіме кімнен шықсын, менен шықпай?
Айтқанмен, құр қаласың көбің ұқпай.
Сөз қылып барды-жоқты жаза бердім,
Ықыласты қарындастың көңілін жықпай.

Болмагың жақсы-жаман әуел бастан,
Белгілі ат болары құлын жастан.
Өң беріп, жылтыратып ысқанменен,
Болғанын, көрдің бе, айна қара тастан?!

Қара тас ең болғанда қайрақ болар,
Балта, шот, пышақтарды қайрап болар.
Дөңгелек диірменге шарық болып,
Үндай қып көрінгенді шайнап болар.

Ай орын аспандагы бұлт алыш,
Орында дүр гауһар су тас қалып.
Құр тікен, қызыл гүлсіз, қога түсіп,
Ауызға қант орына заһар салып.

Береке, мейір, шапқат болды ұмыт,
Құн бұрын қүдер үзіп, көңілің сүыт.
Жақсылар ай сықылды — бәрі кетті,
Аспандап жүрген жанның бәрі — бұлт.

Есекті сасқаныңнан дейсің тұлпар,
Бәйге аты боламын деп өгіз іңкөр.
Аспандап ұзақ қарға ұшқанменен,
Бола ма қыран болып, лашын, сұңқар?!

Келмейді откен омір жоқтаганмен,
Түк енбес ұрып, соғып боятаганмен.
Жолауши жол үстінде көрмес хызыр,
Далаға отсыз, сусыз тоғтаганмен.

Дүниеден, шапқан аттай, откен омір,
Қарақшы — көрдің басы — бәйгелі жер.
Кім озып, кім қалады — магұлым емес,
Бәйге алсаң сол жерде озып, болдың гой жыр!

Өмірді қымбатқа алған — арзан саттық,
Жастықтың қадірін білмей босқа жаттық.
Күнәны — арзан, сауапты қымбатсынып,
Обалға белшемізден күнде баттық.

Біле-көре білместің қылдық ісін,
Қайта-қайта айтамыз оның несін?!
Бір оңай сөз айтуга тауып алдық:
«Құдай өзі әйтеуір құлым десін!»

Тұқым салмай, алар ма егін орып,
Кім балалы болышты бойдақ жүріп?!

«Еккен орап, — деген сөз, — берген алар»,
Көрдің бе бәйге алғанды қарап тұрып.

Түн болса, белгілі түр бір жатуы,
Үміті барша жанның — таң атуы!
Түсіне сәтенсіздің боз ереді,
Әркімнің жақсы көрер бір татуы.

Ит сүйекті түсінде кеміреді,
Шөлдеп жатқан айнымай су көреді.
Түсіне саудагердің ақша кіріп,
Ояна сап базарга жүгіреді.

Ішпек, жемек, ұйықтамақ, қатын құшпақ,
Біреу тері уқалап, біреу — пұшпақ.
Мал, бала, мәртебе! — деп, алас ұрып,
«Алдымда, — ойламайды, — бар деп қыспақ!»

Біреу — жылқы, алданып біреу қойға,
Теке сеніп сақалға, түйе — бойға!
Әркім сеніп өзінің сүйгеніне,
Бұл күнде алмай кетті құдайды ойға.

Өнерге ұмтылмайды — гылым, білім,
Сол үшін басқа жүртқа болдың тілім.
Кеңірдек талай-талай келіп еді,
Қайтейін: «Бөтені жоқ, бәрі, — өз елім!»

Аралас әр түрлісі адамзаттың,
Көп жүрдік біз ішінде ботен-жаттың.
Төбенде көтерерсің қазақ сорлы,
Әрине, бірі болсам ногай, сарттың.

Айыбым: мен де өзіңдей болдым қазақ,
Көп болмай, бола қойсын ақылым аз-ақ!
Аласың кімнен бәйге мүнша аптығып,
Өлеңмен қылғаныңмен мүнша мазақ?!

Қара жол әркім жүрген қалар жатып,
Көшпейді күні жетсе, кім түн қатып?!
Құдайдың өзі берген бір нәубеті,
Ешкімнен алғаным жоқ олең сатып.

Мергендер тұздегі аңды алар атып,
Сілесі, қолға түсер, әбден қатып.
Саф жаунар, асыл болат, өткір қылыш,
Тот басар суырылмастан қында жатып.

Ерімес қалған көңіл мұздап, қатып,
Жасытып тастаган соң жабырқатып.
Бір деңдал қолына алып, қыдыртпаса,
Сандықтан шықпаган пұл қалар жатып.

Қымбатқа жолай алмас әркім батып,
Білерсің бал екенін көрсөң татып.
Қынин-ды жеткізуң бағасына,
Өзінді базар салып, өзің сатып.

Бейнетің қаша қылған жаңбаган соң,
Кім көреді базарға салмаган соң.
Жез де бір, алтын да бір жерде қалса,
Қадірлеп ешкім қолға алмаган соң.

Мүйіз жүр насыбайга шақша болып,
Көркейер қорғанды жер бақша болыш,
Қадірлек жұрт қолына алғандықтан,
Қазақ жүр алақандай ақша болып.

Тастады жазып құдай жолдарыңа,
Қарайсың оңды қойып, солдарыңа.
Бірі де көп нәрсениң жерде жатқан,
Керек қып алмаған соң қолдарыңа.

Қызығы жаңа жұрттың бір-екі-үш күн,
Женсігің жеріген соң, келер көшкің.
Пайдасын сыртындағы керек қылмай,
Суынан ішіндегі келеді ішкің.

Сөзімді тыңдай берсең, тарқар шерің,
Кетеді тазаланып ішкі кірің.
Ішіне осынша су сыйған ыдыс
Керек деп ойламайсың бір де бірің.

Бұлбұлды танымайсың тұрган сایрап,
Атасың торғай гой деп, таспен байлап.
Таусылмас бұл не қылғанга су демейсің.
Бұлақтай ағып жатқан көзі қайнап.

Аман жоқ, арық та жоқ оң айналған.
Бәрі де қыны істің оңайланған.
Бұзылып, әсіресе, біздің заман,
Көлдей боп қой тогытқан ылайланған.

Қылғалы шамга білте мақтаны алар,
Алғанмен майсыз мақта қалай жанар?
Жауын мен жел тиетін жерге қойсаң,
Саулап жанып тұрганмен, соңіп қалар.

Дүкеннен жаңа шыққан, мен — бір мақта,
Бозбала, жагып қара, майым тап та.
Түніңді құидіз қылып жіберейін,
Жаңбыр мен жел тимейтін жерге саңта.

Көбінде бас болғанмен, ақыл бар ма,
Ісіңде ойлап тұрсам, мақұл бар ма?
Жіп қылып, ұршыққа ніріп, зырылдатып,
Кез болдым уқаланып қатындарға.

Колынан қатындардың алмайсың ба,
Лайы жоқ, тұның суга салмайсың ба?
Майымды көп қылдагы, жағыш қара,
Тамаша жарығыма қалмайсың ба?

Жатырмын айтып мұны қауым конке,
Жаманга жоқ, жағсыға — біздің оқне.
Ұялмай не бетіңмен сойле дейсід,
Үршыңға келеп болып жүрген жіпке?!

Келеді жаңа ашылып создің жігі,
Шаршап жүр ауыр болып артқан жүгі.
Иесін тауып тақдан соң қарагайга,
Сойлейді қандай оңды қойдың шегі?!

Сойлетең бір кісім жоқ бабым тауып,
Багатын желліп күтіп, кекім (кемім) жауып.
«Шауып ал аяғыңды, ағса!» — дейді, —
Бәйгеге қара қарын тоқтай шауып.

Бермен қайт, шырқан, коцілім, аспандамай,
Інде бер адад болса, ас таңдамай.
Аяғым, қара жерді ойгандай бас,
Жабырқан, сүйретіліп, ағсандамай.

Ер ме едім қажиттүгүни қара созден,
Үшқары ендігі үміт біздің бозден.
Табам деп жұпар нісін, әуре болма,
Малманың шелегінде жатқан бізден.

Өмірімде үйшіктап оттім, болмай ону,
Коп артық жаман аттан жүрген жану.
Кісіге күтіп кимес киім болып,
Оң берген неше түрлі кетті болып.

Фибрат коп жазған біздің хатымызда,
Бір лағап қосағталған атымызда.
Данеце жоқ бойымызда іске жарап,
Асылдық болмаган соң затымызда.

Моз болып, езу тартып күле алмаймын,
Ажалаңыз асықдамен оле алмаймын.
Білмеймін: олі екенім, тірі екенім,
Өзімді-өзім айырып біле алмаймын.













—
—
—





— — — — —

1

























—
—
—

